



ХҒТАР 17.09.91  
Ғылыми мақала

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-258-272>

### Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдебиет мектебінің қалыптасуы

Б.П. Насирдинов<sup>1</sup>, С.Д. Өмірзақов<sup>2</sup>, Н.Қ. Омаров<sup>3</sup>

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

(E-mail: <sup>1</sup>NBP\_D@mail.ru, <sup>2</sup>sattar.kazgurt@mail.ru, <sup>3</sup>nurlybek.omarov.73@mail.ru)

**Аңдатпа.** Мақалада Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдебиет мектебінің қалыптасу алғышарттары мен рухани-мәдени негіздері жүйелі түрде талданады. Бұл өңір – қазақ халқының рухани тарихында ерекше орын алатын, діни-ағартушылық, жыраулық және айтыс дәстүрі терең тамыр жайған аймақ. Қазақ халқының сан ғасырлық мәдени мұрасы түрлі саяси оқиғалардың куәсі болғанымен, оңтүстік өңірдің әдеби мұралары жинақталып, жарияланып, зерттеу жұмыстары жүйелене бастағаны байқалады. Мақалада Қазығұрт-Қаратау өңірінен шыққан көрнекті ақындардың шығармашылығы негізінде бұл әдеби мектептің басты көркемдік-идеялық ерекшеліктері сараланады. Мектеп өкілдері ислам діні мен сопылық ілімді поэзиямен ұштастырып, ел бірлігі, адамгершілік, әділеттілік және отарлық үстемдікке қарсылық тақырыптарын жыр арқауына айналдырды. Сонымен қатар зерттеуде әдеби мектептің жанрлық табиғаты, көркемдік тілі мен тақырыптық алуандығы, ұлттық сананы тәрбиелеудегі рөлі ашып көрсетіледі. Қазығұрт пен Қаратау өңірлері ежелден сопылық поэзияның, жыраулық дәстүр мен айтыс өнерінің өркен жайған ортасы болғаны белгілі. Мектеп өкілдерінің дидактикалық өлеңдері, салт-жырлары, айтыстары, қисса-дастандары мен терме-толғаулары - халқымыздың тілдік, рухани және имани құндылықтарының сақталып, ұрпақ санасына сіңірілгенінің дәлелі. Зерттеу нәтижесінде Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдебиет мектебінің қалыптасу негіздері жүйеленіп, оның қазақ руханиятындағы өзіндік орны нақтыланады.

**Түйін сөздер:** Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдебиет мектебі, қалыптасуы, нәзира дәстүрі, қисса-дастандар, әдебиет өкілдері, кеңес дәуіріндегі пікірлер.

Түсті: 04.02.2025; Жөнделді: 18.05.2025; Мақұлданды: 04.06.2025; Онлайн қолжетімді: 25.06.2025

1 Хат-хабар үшін автор

---

## Кіріспе

Қазақ ұлтының көптеген жылдар бойы қалыптасқан мәдени мұрасы түрлі саяси оқиғаларды бастан өткергеніне қарамастан, оңтүстік өңірдің әдеби мұралары жинақталып, жарияланып, зерттеле бастады. Қазақ әдебиетінің даму тарихында аймақтық әдеби мектептердің өзіндік орны бар. Солардың бірі – Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдебиет мектебі. Бұл мектептің өкілдері оңтүстік өңірде өмір сүріп, өз шығармалары арқылы халықтың рухани дүниетанымын, ұлттық санасын қалыптастыруға үлес қосты. Олардың шығармаларында дін, адамгершілік, ұлттық бірлік, отаршылдыққа қарсы күрес т.б. тақырыптар кеңінен жырланды. Мақалада осы әдебиет мектебінің қалыптасу негіздері, өкілдері, оның бағыт-бағдары талданады.

## Зерттеу әдістері

Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдебиет мектебінің қалыптасу негіздерін жан-жақты талдау мақсатында бірқатар ғылыми әдістер кешенді түрде қолданылды. Әдістемелік негіз ретінде тарихи-салыстырмалы, текстологиялық, дереккөздерге шолу және жүйелеу, фольклористикалық, контекстік талдау және интерпретациялық әдістер басшылыққа алынды. Әр әдіс зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес іріктеліп, өзара сабақтастықта пайдаланылды.

Біріншіден, тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде аймақтық әдебиеттің даму үдерісі әртүрлі тарихи дәуірлердің саяси-әлеуметтік жағдайларымен байланыста қарастырылды. Әдеби мұраның пайда болуы мен өркендеуі сақ, ғұн, көне түркі дәуірлерінен бастап Қоқан хандығы мен Кеңес дәуіріне дейінгі тарихи оқиғалармен сабақтастырылды. Бұл әдіс арқылы әдеби дәстүрдің үздіксіз даму үрдісі мен ұлттық руханияттың тарихи сабақтастығы анықталды.

Екіншіден, зерттеу барысында текстологиялық талдау әдісі қолданылды. Аймақ ақындарының шығармалары мәтіндік тұрғыда зерттеліп, жазба және ауызша дәстүр арасындағы байланыстар талданды. Әдеби шығармалардың мәтіндік нұсқалары салыстырылып, олардың жанрлық құрылымы, тілдік ерекшеліктері, стильдік бірегейлігі анықталды. Сонымен бірге, ауызша әдебиеттің кейбір үлгілерінің жазба әдебиетке ауысу ерекшеліктері нақты мысалдар арқылы көрсетілді.

Үшіншіден, дереккөздерге шолу және жүйелеу әдісі аясында зерттеушілердің (М. Әуезов, Х. Досмұхамедұлы, Е. Ысмайылов, Б. Омарұлы және т.б.) еңбектері мұқият қарастырылды. Бұрын жарық көрген әдеби, тарихи және мәдени дереккөздерге сүйене отырып, Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдебиет мектебі өкілдерінің шығармашылық мұрасын жүйелеу және жаңа ғылыми пайым жасау мақсат етілді. Сонымен бірге соңғы жылдары табылған қолжазбалар мен әдеби материалдар да зерттеуге енгізілді.

Төртіншіден, фольклористикалық әдіс қолданыла отырып, аймақтың ауыз әдебиеті үлгілері – терме, толғау, жоқтау, айтыс және қисса-дастандар жинақталып, жанрлық тұрғыдан сарапталды. Бұл әдіс әдебиет пен фольклор арасындағы шекараның кей тұста шартты сипатта болғанын, олардың өзара ықпалдаса дамығанын анықтауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, контекстік талдау әдісі арқылы әдеби шығармалардың пайда болу себептері мен мазмұндық бағыттары олардың туындаған тарихи және саяси

---

жағдайларымен байланыстырыла отырып зерттелді. Ақындардың шығармаларындағы діни-сопылық сарындар мен ұлт-азаттық идеялардың көрінісі тарихи контексті ескере отырып ашылды.

Зерттеу барысында интерпретациялық әдіс те кеңінен қолданылды. Бұл әдіс арқылы аймақ ақындарының шығармаларында көрініс тапқан рухани-имани құндылықтар, сопылық дүниетаным, адамгершілік мұраттар сияқты терең мағыналық пласттар ашылып, олардың әдеби-мәдени мәні жүйелі түрде түсіндірілді.

Жалпы алғанда, қолданылған әдістердің үйлесімділігі Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдебиет мектебінің қалыптасу тарихын, оның көркемдік ерекшеліктерін, жанрлық құрылымын және рухани сабақтастығын кешенді түрде ашуға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижесінде аймақ әдебиетінің өзіндік ерекшеліктері мен қазақ әдебиеті тарихындағы орны ғылыми негізде тұжырымдалды.

### **Зерттеу нәтижелері мен талқылау**

«Қазақ әдебиетінің тарихында ақындық поэзия дәстүрінің даму, жетілу мәселелері, оның ішінде жеке тұлғалардан құралған шығармашылық орта дәстүрінің көркемдік жалғастығы – ұлттық сөз өнерінің халықтық-эстетикалық маңызын сақтап келген көрсеткіштер» деп жазады Г.Оралова [1, 5].

Аймақтық әдеби мектеп – белгілі бір жерде туып-өскен ақын-жазушылардың көркемдік дүниетанымы мен шығармашылық байланыстарынан туған әдеби құбылыс. Сондықтан да бұл мектептерде ортақ стильдік, тақырыптық, рухани ерекшеліктер байқалады. Бұл Қазығұрт-Қаратау аймақтық мектебіне де тән. Мектеп туралы бұрын-соңды арнайы зерттеулер жүргізілмесе де, кейбір жекелеген ақындардың өмірі мен әдеби мұралары туралы еңбектер жарық көріп, зерттеулер жүргізілді. Майлықожа мен Мәделі Жүсіпқожаұлының, Нұралы Нысанбайұлының, Мұсабек Байзақұлының (молда Мұса), Ертөбек Құттыбайұлының әдеби-шығармашылық қызметін талдаған Ә.Оспанұлының зерттеуі алғашқы еңбектер қатарында. Соның нәтижесінде «Қаратау атырабының ақындары» [2], «Қаратау шайырлары» кітаптары жарық көрді [3]. Қ.Маханов Н.Нысанбайұлы шығармашылығы туралы, З.Оразбекова молда Мұсаның (Мұсабек Байзақұлы), С.Өмірзақов Мәди Меркішұлының әдеби мұрасы туралы кандидаттық диссертацияларын қорғады. Х.Досмұхамедұлы ақындардың шығармашылық қызметіне баға берген еңбегінде: «Қалың бұқара арасынан шыққан олар – халық әдебиетінің мән-мазмұны мен тіл тазалығын сырттан келетін жат әсерлерден қорғаушылар әрі ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, қазақ халық әдебиетін сақтаушылар» деген болатын [4, 32]. Ал М.Әуезов «Әдебиет тарихы» еңбегінде әр аймақ ақындарының шығармашылығын зерттегенде мынадай мәселелерге назар аудару керектігін көрсетеді. Олар: ақынның өмірбаянын тексеру, сол арқылы жазған мұраларымен байланысын айқындау; ақынды елінің сол кездегі өмірімен байланысты қарастыру; ақын дүниетанымын ұлттық болмыспен бірге қарастыру; ұлттың қоршаған табиғатымен байланыстыру; көрші халықтардың әсері және өзара ықпалдастығын айқындау [5, 16].

Ұлттық сөз өнерінің қалыптасуында фольклор мен жазба әдебиеттің байланысы бұрыннан қалыптасқан дәстүр. Осы бағытта қазақ ақындары, жыраулар мен жыршылар, термешілердің орындаушылық бағытында өнер тұтастығы да сақталды. Ол туралы профессор Е.Ысмайылов: «...ақындардың өмір шындығын жырлаған толғаулары,

---

ақындардың айтыстағы өнерлері арқылы ақын, жыршылар халықтың прогрессивтік творчестволық дәстүрін жасағандығы белгілі. Бұл үздіксіз дамып отыратын, әрбір жаңа ақынды үйретіп, жетілдіріп отырған ақындық мектеп сияқты поэзиялық, творчестволық дәстүр, қазақтың импровизатор ақындарының қай-қайсысы болсын осы ақындық дәстүрде тәрбиеленіп, қалыптасады. Ақындық дәстүр өнер үлгісі заманына қарай өзгеріп, жаңа идеялық көркемдік сапаға қарай ауысып отырады» деген болатын [6, 88].

Қазақ әдебиеті тарихындағы бір ескеретін мәселе: ауызша суырыпсалмалық (импровизация) және жазбаша ақындық поэзия дәстүрлерін бөліп қарау әлі күнге дейін күн тәртібінен түспей келеді. Бұл да сол баяғы еуроцентризм бекіткен «дәлелмен көрсету» танымы. Шындығына келгенде аймақ әдебиетінің өкілдері бір шығармасын жазып шығарса, кей шығармасын ауызша да шығарған. Бірақ мына дүниесі ауызша шығарылған, мына дүниесі жазбаша дейтін ешқайсысының құжаты жоқ. Бізге таңылып жүрген көшпенділік танымынан құтылатын еңбектер де жарыққа шыға бастады [7]. Бізге жеткен Майлықожа, Сүйіндік, Сүйінбай, Италмас т.б. ақындардың мұраларын (біздегі қолжазба мұраларына қарап) салыстырып қарағанның өзінде де бұл мәселелер өзінен-өзі анықтала түседі. Бұл дүниелер бірін-бірі толықтырды, жаңарып, жасарып, толыға түскендігі анық. Мұны Нұралы ақын дәстүріндегі шәкірт тәрбиелеу қызметінен де көре аламыз. Нұралыға «...мына баламның бойында Құдай берген қасиет бар сияқты, соны көрші...» деп алып келген атасының тілегін қабылдап, алдымен бір-екі термесін, бір-екі дастанын беріп, кейіннен өзі де сол жолмен жүріп, терме, толғау, қисса-дастан шығарып, ұстазының алдында есеп бергеннен кейін өзі де ақындық жолға түсіп кете барған. Осы күнге дейін айтылып жүрген «ауызша әдебиет пен жазба әдебиеттің арасындағы жік» деген мәселені де қайта қарайтын кез келген секілді. Алдымен, ақындық дәстүрдің сан ғасырлар бойы үздіксіз жалғасып келе жатқандығын суырыпсалмалық (импровизация) өнері мен жазбаша ақындықтың өзара сабақтасып келе жатқандығы – әдебиеттің даму процесінде кездесетін қалыпты жағдай екендігін ескеру керек. Бұл туралы профессор Е.Ысмайлов: «Қазақтың жазба әдебиетінде ақындардың дара төл шығармасы туа бастаған (индивидуальное поэтическое творчество акынов) дәуірден бермен қарай ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет өкілдері бір-бірімен тығыз байланыста аралас, қатар өмір сүрді. Ұлы Абаймен қатар ...Орынбай, ...Жамбыл т.б. ақындар өзінің өлең-жырларын ауызша айтып, таратып отырды. Жазылып немесе басылып таралған шығармалар мен ақын-жыршылардың ауызша айтылған өлең-шығармалары бірін-бірі ығыстырып жоғалтқан емес. Қайта біріне-бірі әсер етіп, бірін-бірі толықтырып отырды. Бұлардың қабысуы ...халық өмірінің шындығын жырлауда айқын көрінді» – дегені мәлім [8, 73]. Осы айтылған ойларды негізге ала отырып, Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдебиет мектебі де өз бастауын біздің заманымызға дейінгі дәуірлерден, берісі көне түркілік өркениеттен бастап, желісі үзілмеген ақындық дәстүрмен бірге жасасып келе жатқан мәдени құбылыс екенін көруімізге болады.

Қазығұрт-Қаратау-Отырар-Түрікбасы атырабын, Шыршық, Бостандық ауданы мен Ташкент, Жызақ төңірегін алып жатқан өлкеде туған мұраларымызды, аталған мектеп өкілдерінің: Жанкісі, Сүйінбай, Мәделі, Майлықожа, Италмас, Сүйіндік, Жылқыбай, Кенжебай, Құлыншақ, Нұралы, Кейкі, молда Мәди, молда Бекеш, Қалыбай, «қара торғай атанған» Күлшат, молда Мұса Байзақұлы мен молда Мұса Жұманазарұлының, молда Мәди Меркішұлы, Оңғарбай, Мәуленқұл, Сапақ, Тілеспай шешендердің, Балтабай, Айтбай, Сәдуақас, Дәулет, Тұрлыбек т.б. ақындарымыздың өмір жолы мен

---

шығармашылық мұрасына тиісті бағасын беріп, әдебиет тарихындағы орнын белгілеуіміз де күн тәртібіндегі өзекті мәселе.

Ақындық мектеп – әдеби дамудағы көркемдік ойлау дүниетанымы, көзқарастары, стильдік мәнері үндес қалыптасқан шығармашылық жеке тұлғалардың эстетикалық дәстүрі. Ақындық мектеп ұғымының аясында стиль, ағым, бағыт категориялары қамтылмақ. Академик З.Қабдолов: «...стиль – бір жазушыға тән творчестволық ерекшелік болса, ағым – бірнеше жазушыға тән творчестволық бірлік, стиль – әр жазушының дара қасиеті болса, ағым – әр жазушының ортақ сипаты, стиль – жалқыға тән ұғым болса, ағым – жалпыға тән ұғым, стиль – әр жазушының әдеби беті болса, ағым – әр жазушының әдеби бағыты» – дейді [9, 367].

Қызылорда облысының Қармақшы, Қазалы, Арал аймағындағы әдеби мектеп дәстүрінің көркемдік дәстүрі туралы Г.Оралова: «Ақындық мектеп – көрнекті шығармашылық тұлғалардың ықпалымен қалыптасатын көркемдік дәстүр» – дейді [1, 25]. Зерттеуші әдеби бағыттарына қарап, оларды төрт бағытта жіктейді. Тағы бір ескерер мәселе: «Жыраулық-жыршылық дәстүріміз бен музыкалық өнеріміз жұртымыздың тарихымен тығыз байланыста дамитындығын ескерсек, бұл екеуінің бастау көздерінен, өсу-өркендеу арналарынан сабақтастық, ұқсастық табылуы заңды құбылыс» – деп жазады өз еңбегінде Бауыржан Омарұлы [10, 38]. Мұны да ескеру керек.

Қоқан хандығы дәуірінде туған әдебиеттің ең әуелгі уәкілі – Жанкісі жырау. «Майлықожа творчествосы XVIII ғасырдағы әдебиетіміздің Қоқан езгісіне қарсы күрескер ақын Жанкісі жырау өнегесін жалғастыру болды» деп жазуының мәнісі, міне, осыған байланысты деп білеміз Бұл жерде халқымыз жасаған рухани қазына қатарында Қоқан езгісіне қарсы әдебиет қалыптасқанын, Жанкісі жырау жырлары сол әдебиетіміздің басы болғанын көрсете кеткіміз келеді. Ал, ол «әдебиеттің Жанкісі жыраудан кейінгі өкілдері деп Сүйінбай Аронұлын, Мәделіқожа Жүсіпқожаұлын, Майлықожа Сұлтанқожаұлын, Жамбыл Жабаеты атағанымыз абзал» – деген Ә.Оспанұлы пікірі бағалы [2, 332].

Қоқан хандығы дәуіріндегі әдебиетте дін мәселесінің, дастаншылдық тақырыбының көтерілуінің екі себебі болды. Біріншіден, екі ғасырға жуық жоңғар басқыншыларына қарсы күрес қазақ халқын, әсіресе, Оңтүстік өлкесін қатты күйзелткен еді. Халық босып кетті. «Ұлы жүздің қалған бөлігі (жоңғар қырғынына ұшырамағандары) мен Орта жүздің аздаған бөлігімен бірге Хожентті, Орта жүздің үлкен бөлігі – Самарқанды, Кіші жүз – Хиуа мен Бұқарада көшіп-қонып жүретін» – деп жазады Левшин [11, 167]. Ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі мәдениетке үлкен соққы тиді. Оның үстіне солтүстікте босып жүрген қалмақтар, башқұрттар, Сібір және Жайық казактары, батысында осы аралықты тиімді пайдалана білген Орта Азия мемлекеттері, оңтүстік шығысындағы жоңғармен одақтас болған қырғыздар қазақтың тыныштығын алып бітіп еді. Шын мәніндегі «Ақтабан шұбырынды» заманы туды. Левшиннің жазуынша: «Халықтың тұрмысы ауырлады. Мал басы жылдан-жылға азая түсті. Сауда тоқтады. Аштан өлгендер мен әйел-баласын тастап, босып кеткендер көбейе түсті. Ақыр аяғында қашып жүргендер тоқтады. Бірақ, қайда бармақ?» [11, 167]. Ғалдан Цереннің күшті армиясына не ашық қарсы келе алмай, не тәуелсіздігін жариялай алмаған Ұлы жүз жерінде ыдырау пайда болды. Халықтың бірлігіне сызат түсе бастады. Міне дәл осы кезеңде халықты ұйыстырар күш тек әдебиетте ғана қалып еді. Дін – рухани бірлік көзі, дін – сабыр мен төзім өлшемі, дін – рух тазалығына айналды. Насихат тетігі діни дастандарға түсті. Бұрыннан қалыптасқан қиссашылдық дәстүр қайта жанданды. Екіншіден, бұрыннан ислам дініне жақын Оңтүстік өлкесі діни-

---

қандастық сырын алға тұтқан Қоқан хандығының «дін – мұсылман» идеологиясының алдауына түсіп еді. В.П.Наливкиннің еңбегінен мәлім болғанындай ол кезде орыстарды «кәпір, құйрығы бар тажал» деп қабылдау әсерінің күштілігі де аз қызмет атқармағанды [12, 21].

Орта ғасырларда қалпын салып үлгерген сопылық әдебиет үлгілері Түркістан айналасында қанат қағып, мұсылман әлеміне кең таралған болатын. Сопылық ілімінің негізін салған Қ.А.Яссауи туралы, оның шәкірттері туралы сөз болғанда, тек олардың үш-төртеуі ғана айтылатын. Яссауидың Алла жолына беріліп, күндіз-түн ғибадат жасауы халық арасындағы өнегелі үгіттері сол бір заманның өзінде-ақ жұртшылыққа үлкен әсер еткен. Құран мен Хадистің талаптары мен мазмұнын баяндаған бұл хикметтер халық арасында кеңінен тараған, олардың дерлік бәрі де түркі тілінде жазылып, медреселерде қызығушылықпен оқылып, мыңдаған шәкірттердің жүрегінен орын алған.

Өзірет Сұлтанның шәкірттері арасында Сүлеймен Бақырғани, Дәруіш Әлі, Гадаи, Иқани, шейх Надири, Хұдайдад, Құл Абиди, Құл Омари, Құл Ғариб, Шәмсиддин, Тимури, Шайдаи сынды атақты ғұламалар бар» – деп жазады Яссауи шәкірттері туралы профессор М.Мырзахметұлы [13, 5]. Бұл мәселе де келешек зерттеулерде арнайы тақырыпқа сұранып тұрғаны анық. Мұсылмандық шығыс әдебиеті, Ислам тақырыбы қатты көтерілді дегенде біз қазақ ақындарының табан тірейтін ғылыми негізі (ахлақ, «хәл ілімі», бенденің кәмалаттығы, жауанміртлік т.б.) болғандығын танимыз.

Қазығұрт пен Қаратау – көне түркі өркениетінің, ислам мәдениетінің тоғысқан жері. Бұл өңірдің халқы ерте кезден діни, сопалық білімге сусындап, мәдени орталықтармен байланыста болды. Өңірдегі діни медреселер, мешіттер ақындардың қалыптасуына ықпал етті.

Бұл кезеңдегі қазақ әдебиетінің мол түрлері, салт жырлары мен діни тақырыптағы қиссашылдық өнері ХІХ ғасырдан бастап жүйелі түрде хатқа түсе бастады. Бұл мұраларды орыстың ориенталистері, Алекторов, Остроумов секілді миссионерлер, кейбір халық мұрасына қызығушылар мен Радлов, Потанин сияқты шығыстанушы мамандар жазып алды, көпшілігі ұрпақтарының қолында сақталып келді. Бұл ғасырдағы аймақ мектебі өкілдері шығармашылығының тағы бір қырын профессор М.Мырзахметұлы: «Шоқындырып, орыстандыру саясатының қазақ елінің тағдырына құрылған тұзақтары мен қақпандарын алдымен қазақ ақындары сезіне бастады. Сезіне бастауының елеулі бір көрінісі уды умен қайтару үшін қиссашыл кітаби ақындар ислам дінін насихаттауға ерекше мән беріп, араб, парсы тіліндегі діни тақырыптағы әңгіме, дастандарды аудару, не өзінше жырға қосу немесе нәзіралық жолмен жарыса жырлау тәсілдерін қолдану жолына түсті» – деп көрсетеді [13, 5].

Кеңес дәуірінде «саясатта шаруасы жоқ, шығыс әдебиетіне еліктеп, соның үлгісінде шығарма жазған» саңлақтарымыз ескішіл атанып, ескерусіз қалды. Мәселен, әдеби мұрамыздың ең бір өнімді саласы – қиссашыл ақындар шығармашылығы діншілдік бағыттағы шығармалар деп танылып, надандықты насихаттаған, өткенді аңсаған кертартпа әдебиет өкілдері ретінде бағаланды. «Мұсылмандық әлемге, шығыстық дүниеге бой түзеп, үлгі алғандар шығармашылығындағы діни таным ұрпақ тәрбиесі, адамгершілік пен адалдыққа жетелеген өнеге екендігі ескерілмеді. Олардың рухани тазаруға үндеген озық ойлары кері кеткен пікірлер ретінде бағаланды» – деп жазады Ө.Әбдиманұлы [14, 135].

Алшығыстанушы Ө.Күмісбаев: «Шығысінжу-маржандарыныңөзімізгелайықтыларын, тұрақтай алатын тақырыпты, сюжетті ол қиссашыл ақындар дұрыс таңдады. Әр жерде

---

ауызға алынғаны болмаса, баспа бетін көрмеген біраз шығармалардың мазмұны, идеялық ықпалы ашылмастан жатыр. Бұларды діни уағыз, қиялдан туған деп жылы жауып қойып отырған жайымыз бар. Ал, шындығына келсек, «Ләйлі-Мәжнүн», «Мұңлық-Зарлық», «Атымтай Жомарт» секілді махаббат, адамгершілік хақындағы романтикалық дастандар қазақтың кейінгі лирикалық, эпикалық дастандарына мол әсерін тигізді...» – дейді [14, 104].

Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдеби мектебі өкілдерінің мұралары қазақ әдебиетінің қомақты бөлігін құрайтынын айтуға тиіспіз. Ескіше сауатты болған күңгей ақындары сауатын ауыл молдасынан ашып, ілімін медреселік білімнен алған. Сол себепті де бұл ақындардың шығыстың классикалық әдеби дәстүріне құлаш ұруы заңдылық.

Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдеби мектебінің аса қомақты саласы – қисса-дастандарды құрайды. Қазірге баспа бетіп көргені – жүз елу алты қисса-дастандар. Олар: Итамастың төрт қиссасы, Нұралының қырық тоғыз, Жүсіпбектің отыз үш, Жылқыбайдың үш, Майлықожаның бес, Шәдінің отыз екі, Тұрлыбектің жеті, Дәулеттің үш қиссасы т.б.

Бұл жанрдың ежелгі Сыр өзенінен Жетісуға дейінгі аралықты қамтып жатуының түпкі сыры да яссауи жолын дамыту тарихнамасынан көрінеді. Бұл жөнінде Сыр бойы ақындарының мұраларын зерттеп жүрген профессор Б.Кәрібозұлының «Діни сюжетті, шытырман оқиғаға толы негізінен гуманистік идеяларды насихаттайтын қисса-дастандардың талайының өмірі қысқа болды. Көзі қарақты, көңілі ояу адамдардың қолында қалып, күні бүгінге дейін сақталып келген осындай қисса-дастандардың мазмұнында адам миын улайтындай, рухани дүниесіне теріс әсер ететіндей еш нәрсе жоқ. Керісінше шығыстық өркениет пен әдебиет дәстүрін меңгере отырып жазылған бұндай шығармаларда мұсылман дінінің гуманистік идеялары, адамгершілік сапалар насихатталады. ...көптеген жыр-толғаулар, қисса-дастандар өз халқының әдебиеті тарихынан жойылып кетті. Қомақты әрі құнды мұндай мол дүниелердің бірен-сарандары ғана бізге жетіп отыр» деген пікірі күңгей ақындарының мұраларына да қатысты [14, 107].

Қорқыт дәстүрінен бастау алған Балтаның, Майлықожаның діни дастандары, Итамастың терме-толғаулары, арнау, дастандары, Құлыншақтың терме-толғау, дастандары мен арнаулары, Нұралының жазған сексен төрт қиссасынан қазірге табылып, жарияланғаны қырық тоғыз, термелері, молда Мұса Жұманазарұлының үш томдығы, Шәдінің жиырма төрт томы жарияланды. Табылмаған дастандарды әлі де іздестіру жұмыстары жүргізілуде. Жылқыбайдың, Зұлпықардың, Кейкінің, Итамастың, Сүйіндік пен Кенжебайдың, Дәулеттің біраз дастандары жоғалып кеткен. Діни-ғибраттық әдебиеттің пайда болуы мен қалыптасуы туралы Халел Досмұхамедұлы «діни сипаттағы әдебиет (литература религиозного характера) ісләмнің негіздерін, шарияттың қағидалары мен талаптарын, тамұқтың азабын, жұмақтың рақатын және басқа о дүниелік өмірдің көріністерін суреттейді. Мұхаммед пен оның серіктерінің өмір жолдарын баяндау да бұл әдебиетте ерекше орын алады. Әсіресе Әли халифа мен оның балалары Хасан, Хұсайын туралы өлең-хикаялар мол. О дүниелік өмірді суреттейтін, мысалы Молдағали ақынның «Жұмақ-Тамұғы» секілді көлемді поэзиялар да бар. Қазақ тілінде араб-парсы өмірінен (из арабско-персидской жизни) сыр шертетін әдебиет миссионерлік діни әдебиеттің жалғасы болып табылады. Бұлар негізінен «Мың бір түн», «Шахнама», т.б. секілді алуан түрлі араб және парсы ертегілерін, хикаяларын, қиссаларын өлең түрінде аудару, қайтадан көркем баяндау не соған еліктеу болып табылады» – деген болатын [4, 29].

---

XIX ғасырдың аяғына таман ел ішінде орысша және мұсылманша оқу-білімнің таралуына байланысты ауызекі сөйлеу тіліне жат сөздер мен тіркестер ене бастады және олар бірте-бірте халық әдебиетіне, әсіресе ғашықтық, діни-ғибраттық сипаттағы әдебиетке ауысқанымен әсері көп емес.

Кейбір деректерге қарағанда мұндай авторлық XIX ғасырдың бірінші жартысынан басталады деп жобалауға болады. М.Әуезов: «Бұл қазақтың жазба әдебиетінің басталуы. Қазақтың жазба әдебиетінің негізін мұсылманша оқыған, сауатты ақындар салғаны сөзсіз. Сондықтан да жазба әдебиеттің алғашқы үлгілерін халық поэзиясының діни және ғибраттық түрлерінен іздеу қажет» – деп өте бағалы да құнды пікір берген [6, 21].

Әдебиетші-ғалым Сәрсенбі Дәуітов зар заман ағымына байланысты талдаған зерттеуінде Асан Қайғы мен Бұқар жырау толғауларының сарынын жалғастырған Дулат, Шортанбай, Мұрат ақындарға қоса Сүйінбайды да айтады. Олардың көсемдігін, абыз даналығын, ұлы жыршылығын айта келіп, бұл ақындарды қатты толғандырған «уақыт сезімі» бүгінгі күні де құнын жоймағанын көрсетіп, бұл ақындардың ақындық табиғатын анықтап көрсетеді [17].

Дегенмен, аймақтық-әдеби мектеп тұрғысынан қарағанда Сүйінбайдың тақырып мәселесін көтеруі, арнау, толғаулары, жырлау табиғаты бөлек екендігі айшықтала береді. Мұны дұрыс байқаған Бауыржан Омарұлы да «Десек те, нағыз зар-замандық тұжырымдар тұрғысынан зер салсақ, ақиық ақын Сүйінбай Аронұлы өлеңдерінің сипаты өзгешерек екенін байқаймыз» деген болатын [10, 30].

Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің аражігін ажырату мәселесі өткен ғасырдың ортасынан бері қозғалып келе жатқан даулы мәселе. Бұл жөнінде ертеректе Мырзабек Дүйсенов арнайы мақала жазып, оны әдебиетші-ғалымдар біраз уақыт талдауға алғаны мәлім. Таңбасы мен дыбысталуы дәл қазіргі тілдегідей болмаса да, бұрынғы әдебиет нұсқалары жазба әдебиеттің басы болды деген тұжырымға саяды. Ақын-жазушылардың Кеңес дәуіріндегі әдебиетке дейінгі өкілдері көптеген мұраларын ауызша да шығарған. Мұны Жамбыл поэзиясынан анық көреміз. Бірақ соңғы кездегі зерттеулер табиғатына сүйенсек, ғалымдар жазба әдебиеттің тарихын Абай дәуірінен ары қарай жылжитқаны белгілі. Осы өлшеммен қарағанда Қоқан дәуірінде туған әдеби мұраларды негізінен жазба әдеби мұраларға бейімдеу дұрыс болмақ. Р.Бердібаев пікірінше: «Қазақтың кейінгі бірнеше ғасырдағы көшпелі, жартылай көшпелі өмір жағдайында шайырлық әдебиеттен гөрі ақындық (суырып салмалық) әдебиеттің аудиториясы молырақ болғаны анық. Бірақ бұл хал жазба әдебиеттің маңызын тасаламауға тиіс» – дейді [18, 3].

Әдеби мұралар, оның ішінде қисса-дастандар табиғатына байланысты пікірлер 1959 жылғы өткен конференцияда кеңірек талданғаны мәлім. Онда қазақ ақындарына идеологиялық талаптар тұрғысынан баға берілді. Бірақ, Қоқан хандығы дәуіріндегі әдебиет пен әдеби мұралар туралы ашып айтылған жоқ. Ашылып айтылмайтын да еді. Өйткені, XIX ғасыр ақындарын шартты түрде болса да, екіге жарып, «демократиялық бағыт ақындары», «кертартпа ағым ақындары» деген жүйе-топшылаудың заман ағымына байланысты айтылғаны анық болатын. Бірақ, осы топшылау кейінгі жүргізілмек зерттеулердің бедеріне де айшықтап тұрып белгі салып, таңбалап кеткені жасырын емес. Е.Ысмайыловтың дін тақырыбын көтеруге мүлдем тыйым салынғанына қарамай, қияннан қыл тартқандай қып діни тақырыптағы қиссашыл ақындардың мұралары туралы «Революцияға дейінгі қазақ әдебиетінде шығыс немесе аңыз әңгімесі негізінде жазылған поэмалар ғана болды, қиссашыл ақындардың «Мұңлық-Зарлық», «Шәкір-



Шәкірат», «Алтын балық» сияқты дастандар еді» [6, 32] – деуі өз тарихындағы мәдени мұраны мұқият зерттеуге және ұлт әдебиетінің жалпы адам баласының мәдени қарым-қатынасын ашуға ықпал ететіндігін, соны ғалымның аңғара білгендігін көрсетеді. Осы тұста көрнекті ғалымның бағалы екі пікір келтіргенін де атап айту керек. Біріншісі, «Қазақ эпосының дүниежүзілік эпос тарихынан көрнекті орын алатындығы және екіншісі, басқа елдер әдебиетінде сирек кездесетін біздегі дәстүрлі ақындар айтысының әдебиет тарихындағы жаңа бір көркемдік белес екендігін» көтеруі болатын [6, 21]. Екіншісі XIX ғасырдағы кітаби ақындардың қаламынан туған «Сал-сал», «Зарқұм» қиссаларын нағыз панисламистік идеологияны дәріптейтін барынша зиянды шығармалар» дегенімен, ал «Мұңлық-Зарлық», «Сейфұл-Мәлік», «Шәкір-Шәкірат» сияқты ізгі адамгершілікті дәріптейтін шығармалар да бар» – деді [6, 27]. Ғалымның бұлай пікір сабақтауының түпкі сырын аңғаруға, түсінуге болады.

Бұл пікірлер көші араға біраз уақыт салып, сексенінші жылдардың соңына қарай қайта көтеріле бастады.

«Қазақ халық әдебиеті» көп томдық еңбегінде [18]. «Қамбар батыр» жыры жетінші беттен қырық сегізінші бетке дейін берілген. Соңында «түсініктер» бар. Мұнда төмендегіше жазылған: «Қамбар батыр» жыры. Бұл эпостың жеті версиясы (түрі), жиырмадан аса варианты (нұсқасы) бар» [18, 27]. «Бұл көп томдыққа Әубәкір Ахметжанұлы Диваев 1902 жылы қағазға түсіріп, 1922 жылы Ташкентте басылған нұсқасы жіберіліп отыр. «Қамбар батыр» жырының тексті кейінгі жылдары табылған Ә.Диваев қолжазбаларымен салыстырылды. Жарияланып жүрген текстте қалып қойған жолдар, сөйлемдер, қате басылып келген сөздер, орын ауысқан өлең жолдары бары анықталды. Оның бәрі қолжазба бойынша қалпына келтірілген» [18, 297].

1950 жылдың соңғы кезінен бастап, қазақ эпостарының ғылыми басылымдары жарық көре бастағаны мәлім. «... профессор Н.С.Смирнованың басшылығымен «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр»... «Ғылым» баспасынан жарық көрді. Бұл басылымдардың ерекшелігі – бір кітапта әрбір жырдың қолда бар белгілі нұсқалары, қазақ тілінде және орыс тілінде берілді, кітапқа енген әрбір жыр жайында көлемді зерттеу мақала, нұсқалардың өзара ұқсастығы мен айырмасын аша түсетін түсіндірмелер жасалды. Мұндай басылымдар бұрын ешуақытта кездеспеген еді» [18, 11].

Бұл жырлар... «әдебиет қорындағы жырлардың тек бір бөлегі ғана. Сонны іріктеудің өзі көп күшке түсті. Олай дейтініміз институт қорында «Алпамыс батырдың» 15 нұсқасы, «Көрұғлының» - 32, «Қамбар батырдың»-26, «Қобыланды батырдың»-26, «Ер Тарғынның»-12, «Ер Қосайдың»-10, «Құламерген-Жоямергеннің»-7, «Сұрмергеннің»-5 нұсқалары бар. Осылардың бәрін түгел оқып шығу, салыстыру қажет болды». «Қамбар батырға» басқа жырлар секілді текстологиялық жұмыстар жүргізілгенін де атап көрсетеді [18, 14].

Профессор Қ.Ж.Жұмалиев қазақ эпосы мен әдебиет тарихын зерттеген көлемді еңбегінде де «Қамбар батыр» жырына арнайы тоқталып, зерттеу жүргізген [19]. Ол мақаласына «Қамбар батыр» деп тақырып қойған.

«Қамбар батыр» эпосы да қазақ халқына көптен мәлім, мейлінше кең тараған. Қазақстанның қай түкпірінде болсын ел сүйсіне тыңдап, сүйіп оқитын шығармасының бірі.

«Қамбар батыр» туралы мәліметтер ел аузынан жазылып, алғаш рет 1865 жылы басылады. Бұдан кейін 1868 жылы «Қисса Қамбар», 1903 жылы «Тоқсан үйлі тобыр»

деген аттармен Қазанда басылып, ең толығырақ түрі «Қамбар батыр» деген атпен 1922 жылы Ташкентте шығады. «Қамбардың» бұл вариантын баспаға даярлаған А.Диваев. Диваев нұсқасы тек толығы ғана емес, ең көркемі, ең жақсы нұсқасы. Диваевтың 1922 жылы бастырған «Қамбар батырын» Сәкен Сейфуллин (1933 ж.), Сәбит Мұқанов (1939 ж.) шығарған батырлар жинағында өзгертілмей қайта басылды. Ең соңғы рет басылуы 1957 жылы. «Қамбар батыр» жырының ең жақсы нұсқасын Ә.Диваев 1922 жылы Ташкентте жариялағаны мәлім. Біздегі қолжазба деректің бірінде «... 1916 жылы ноғай (Ә.Диваев) Түркістанда Италмас ақынға жолығып, «Қамбар батыр» жырын дайындауға тапсырма берген. Кейін алып кетеді» деген мәліметке қарағанда қазіргі жарияланып жүрген нұсқа осы Италмас ақындікі деп санаймыз [20]. Өйткені, «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Қамбар батыр» жыры мен біздің «Қазығұрт ғылыми-зерттеу» орталығындағы шағатайша жазылған қолжазбадағы Италмастың «Қамбар батырының» ешқандай айырмашылығы жоқ.

Аймақ әдебиетінің тағы бір зерттелмеген саласын – жылау-жоқтау мен қайғы жырлары, тарихи өлеңдер құрайды. Б.Омаров пікірінше М.Әуезов «Әдебиет тарихы» еңбегінің құрылымын ауыз әдебиеті нұсқаларының жазба әдебиетіне ауысу процесін көрсетуге лайықтап түзген» [10, 43]. Біздіңше, ғалымның бірінші кең түрде талдауға алғаны тарихи өлеңдер дейміз. Өйткені, «...Абылайдың өз жорығын баяндаған өлеңдері, сонан соң Сырым қозғалысын айтатын өлеңдер біздің қолымызға тиген жоқ. Баспаға шыққан өлеңдері жоқ шығар деймін. Жалпы тарих өлеңдері, өз сынына қарағанда, ескі батырлар өлеңінен аз болмауға керек. Бірақ бұл күнде қолдағысы Кенесары, Бекет өлеңдері болғандықтан, тарих өлеңдері турасындағы жалпы сөзді осы айтылған екі-үш өлеңге қарай топшылаймыз» деген [5, 235]. Түр жағынан қарағанда, тарихи өлеңдер, бұрынғы батырлар өлеңдерімен туысатындығын ескерсек [4, 24], Кенесары бастаған ұлт-азаттық күресі кезінде және соның айналасында туған Жанкісінің жалғыз толғауы мен Мәделіқожаның «Мырзаби үркініне» байланысты туған өлеңдері, Сыпатайдың Құдияр хан мен қырғыз манаптарына айтқан арнаулары, Сүйінбай мен Жамбылдың Сыздыққа шығарған арнауы мен дастандарын, кейінгі Ф.Омарұлының «Кенесары-Сыпатай» дастанын осы топтамаға қосуға негіз бар. Бұл айтылған тарихи шығармалардың Қоқан хандығы тұсында туғандығы – сол болып өткен кезең шындығынан хабар береді.

Өлкеде туған халық поэзиясының тағы бір түрі – мақтау жырлары (одалар) мен арнау, толғаулар да біршама. Арнау, мақтау жырларында жеке адамның, тұтас ру мен ұлыстың батырлығы, байлығы, даналығы, әділдігі, күш-қайраты, ерлік күрестері секілді қасиеттері мадақталса, бұл бағыт Мәделі, Майлықожа, Италмас шығармашылығында кең дамытылған. Мәделінің Шәріп болысқа, Қанай датқаға, Тәнен датқаға, Майлықожаға, Майлықожаның Мәделіге, Асқарқожаға, Қошық датқаға, Қасымбек датқаға, Тұрлыбекке, Сейітжаппар төреге, Есенбайға, Италмастың Батыршаға, Құлыншақтың Қожамжарға, Дүйсенбіге, Жарқынбек пен Икенге, Көлбайға, Жандәулетке, Қожабергенге, Нарынбайға арналған арнау-мадақ жырлары шын мәнінде еңбегі сіңген, лайықты адамдар болғандықтан арнайы бағышталып шығарылған. Өткір тілмен кейде ақындар болыс-билерді сынап та отырған. Мәселен, Майкөттің «Саржан болысқа», «Ыстыбай байға» айтқандары, «Жетісудың игі жақсыларына амандасуы», (қырық шумақ) Майлықожаның Тұрлыбекке арнаулары осы бағытта туған шығармалар.

Ал толғауларда елдің, жердің тарихы, объектінің бүкіл болмысы хатқа түсіп, жан-жақты адами қасиеті ақындық талғамына түседі. Мәселен, Құлыншақтың «Тәнің де

---

мейман жаныңа», Сүйіндіктің «Жақсылар біле білсең дәме жаман», Мәделінің «Есті болсаң еліңнің қорғанысын», Майкөттің «Жетісу игі жақсыларымен жүздесу», «Жиырма жастан жүзге шейін» толғаулары осы айтылған ой жемісі.

«Қазығұрт» ғылыми-зерттеу орталығының ғалымдары мен әдебиетшілері жүргізіп келе жатқан ізденіс жұмыстары да өз нәтижесін беруде. Мәделі мен Майлықожаның, Майкөт пен Ұлбикенің әзірге беймәлім өлеңдері мен арнаулары, әдебиет тарихы үшін мүлдем белгісіз болып келген Сүйіндік Тілегенұлы, Италмас Түнқатарұлы, Кенжебай Жауханұлы, Кейкі Тұрсынұлы, Алдаберген, Қалы, Назар, Жылқыбай Байшопанұлы, молда Бекеш, Күлшат Бейбітқызы т.б. ақындардың өмірі мен хатқа түскен әдеби мұралары; Балта, Майкөт, Ұлбике, Жанкел, Сауытбек, Нұралы, Орынбай, Сақ, Қылышбай, Ақберді, Асан, Жолбарыс т.б. ақындардың өмірі мен шығармашылығы туралы тың деректер табылып отыр.

Терме-толғаулар мен арнау, жоқтаулар, көңіл-күй лирикасы, еске алу мен сағыну жырлары т.б. Күңгей өлкесі ақын-шайырларының әдебиет тарихындағы барлық жанрларға араласқандығын анықтап, дәлелдеп беретін көрсеткіштер.

### **Қорытынды**

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сай және «Ақындар» кітабы мен Қазақ кеңес энциклопедиясында жарияланған деректер бойынша Оңтүстіктен шыққан елу үш ақынның тізімі, еңбектері берілген. Ал кейінгі жылдары жүргізілген зерттеулер аймақ мектебі өкілдерінің бұл айтылған саннан әлдеқайда көп екендігін және ақындық қайнары көне дәуірлерден бастау алатындығын тағы да бір дәлелдеп берді. Оған ғылыми негіз де бар. Б.з.д. дәуірлерді айтпай-ақ түркілік, ортағасырлық әдебиет әлемінде шайырлық пен ғылыми еңбектердің негізін ғылыми тұрғыдан кестелеп берген А.Ясауи, С.Бақырғани, Н.Рабғұзи, Кердери, Уафи, Сопы Аллаяр, Ахмет Яссауи шәкірттерінің хикметтері мен қисса жанрының қалыптасып дамуына өзек болған Құтып, С.Сараи, Харазми, Атай, А.Жүйнеки мен Шәрифидің хикмет, назымдарын, Шымыр-би Алты Бармақ, Бабыр, М.Х.Дулат, Шайх Таразидың, Бекасыл әулиенің ғылыми еңбектері Шығыс ғұламаларының еңбектеріне қоса өлке ақындары мектебінің қалыптасуына іргелі негіз болды. Тамырсыз ағаш көктемейтінін ескерсек, аймақ мектебі өкілдерінің ақындық іргетасының болмысы ғылыми-теологиялық, дидактикалық поэзиядан мол нәр алғанын аңғарамыз.

Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдебиет мектебі – қазақ әдебиетінің рухани бір арнасы екені анық. Оның қалыптасуына аймақтың тарихи, діни, мәдени болмысы үлкен ықпал етті. Бұл мектеп өкілдерінің шығармаларындағы ұлттық сана, діни-ағартушылық, адамгершілік мәселелері әдебиеттің ғана емес, жалпы қоғамның рухани деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл мектептің қалыптасуы мен өкілдерінің шығармашылығын жан-жақты зерттеу қазақ әдебиетінің дамуын терең тануға жол ашатыны сөзсіз.

### **Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат**

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

**Авторлардың қосқан үлесі.** Б.П. Насирдинов мақаланың негізгі идеясы мен тұжырымдамасын айқындап, зерттеу материалдарына талдау жүргізді және мақаланың негізгі бөлігін жазды. С.Д. Өмірзақов тілдік материалдарды жинақтау, сұрыптау және

---

талдау, мақала мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарау, мақаланы рәсімдеу жұмыстарын атқарды. Н.Қ. Омаров тілдік материалдарды жіктеуге, олардан тұжырымдар жасауға, жалпы мақаланың тұжырымдамасын нақтылауға үлес қосты. Жұмыстың барлық аспектілері бойынша авторлар тең дәрежеде жауапты болып табылады, зерттеу жұмысының тұтастығы мен деректердің дұрыстығы өзара талқыланып, пікір алмаса отырып жүзеге асырылды.

### Әдебиеттер тізімі

1. Оралова Г. Сыр сүлейлері шығармаларындағы көркемдік дәстүр. – Алматы, «Абзал-Ай» баспасы, 2014 ж.
2. Оспанұлы Ә. Қаратау атырабының ақындары. – Алматы: «Ғылым», 1996.
3. Оспанұлы Ә. Қаратау шайырлары. – Алматы: «Қазақ университеті», 1998 ж.
4. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: «Ана тілі», 1991. – 173 б.
5. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
6. Исмаилов Е. Ақындар. – Алматы: ҚМКӘБ, 1956. – 340 б.
7. Даутбеков А. Дулаты. – Шымкент: «Кітап», 2015. – 143 р.
8. Исмайылов Е. Жазба әдебиеттің халық поэзиясымен өзара байланысы // Ысмайылов Е. Әдебиет жайлы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1968. – 73 б.
9. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1982. – 367 б.
10. Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. – Астана: Елорда, 2005. – 370 р.
11. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы: «Санат», 1996. – 167 с.
12. Наливкин В.П. Туземцы. Раньше и теперь. Издание А.Л.Кирснера. – Ташкент, 1913. – 21 с.
13. Яссауи шәкірттерінің хикметтері. «Қазыналы Оңтүстік» көптомдығы. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2012. – 92/1 том. – 56 б.
14. Күмісбаев Ә. Қиссалар және кітаби ақындар // XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1994. – 312 б.
15. Samashev Z., Samashev S. K., Zhuniskhanov A.S., Sirazheva B.A. Exploring 'Sign Behavior' Among the Ancient Population of the Kazakh Altai: (a Study of Zigzag Abstractions in Burial Structures and Petroglyphs). Kazakhstan Archeology, 3 (25), 11–21 (2024). DOI: <https://doi.org/10.52967/akz2024.3.25.11.21>
16. Мейрамбекова, Л., Жиёмбай, Б. Армян-қыпшақ жазба мұраларының тақырыптық-жанрлық сипатта зерттелуі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – 136(3). – Рр. 39–49. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-136-3-39-49>
17. Дәуітов С. Заман және зар // Егемен Қазақстан, 1994, 17 қыркүйек;
18. Бердібаев Р. Ақындар мен шайырлар // Қазақ әдебиеті, 1971, 6 тамыз, 113 б.
19. Қамбар батыр / ред. басқ.: М.О. Әуезов, Н.С. Смирнова. – Алма-Ата: Ғылым академиясының баспасы, 1959. – 425 б.
20. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы пен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы: ҚМКӘБ, 1958.
21. Түнқатарұлы И. Шығармалары. «Қазыналы Оңтүстік» көптомдығы, – Алматы: «Нұрлы әлем», 2014 ж. – 252 б.

### **The foundations of Kazygyrt-Karatau Regional Literary School formation**

**Abstract.** The article provides a systematic analysis of the preconditions for the formation and the spiritual-cultural foundations of the Kazygyrt-Karatau regional literary school. This region holds a special place in the spiritual history of the Kazakh people, being a land deeply rooted in religious-enlightenment traditions, the art of the zhyrau, and the aitys poetic form. Despite witnessing numerous political events throughout history, the cultural heritage of the southern region has been collected, published, and is now being systematically studied. The article examines the key artistic and ideological features of this literary school through the works of prominent poets from the Kazygyrt-Karatau region. The school's representatives masterfully combined Islamic faith and Sufi philosophy with poetic expression, addressing themes such as national unity, morality, justice, and resistance to colonial domination. The study also highlights the school's genre diversity, its artistic language, thematic richness, and its role in fostering national consciousness. Historically, the Kazygyrt and Karatau regions have been strongholds of Sufi poetry, the zhyrau tradition, and aitys art. The didactic poems, ritual songs, poetic contests, qissa-dastans, and terme-tolgau works of the school's poets are evidence of the preservation and transmission of the people's linguistic, spiritual, and religious values. As a result, the study systematizes the foundational principles of the Kazygyrt-Karatau regional literary school and affirms its distinctive place in Kazakh spiritual culture.

**Keywords:** Kazygyrt-Karatau Regional Literary School, formation, Nazira tradition, kissa-dastans, literary figures, Soviet period opinions.

**Б.П. Насирдинов\*, С.Д. Омирзаков, Н.К. Омаров**  
*Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан*

### **Формирование Казыгуртско-Каратауской региональной литературной школы**

**Аннотация.** В статье последовательно рассматриваются предпосылки формирования и духовно-культурные основы Казыгуртско-Каратауской региональной литературной школы. Этот край занимает особое место в духовной истории казахского народа, где глубоко укоренились религиозно-просветительская традиция, искусство жырау и айтыс. Несмотря на то, что многовековое культурное наследие казахского народа стало свидетелем различных политических событий, литературные памятники южного региона были собраны, опубликованы и начали системно изучаться. На основе творчества выдающихся поэтов Казыгуртско-Каратауского края в статье анализируются ключевые художественно-идеологические особенности данной школы. Её представители органично сочетали ислам и суфизм с поэзией, поднимая в своих произведениях темы национального единства, нравственности, справедливости и сопротивления колониальному влиянию. Также в исследовании освещаются жанровая природа школы, особенности её художественного языка, тематическое разнообразие и роль в воспитании национального самосознания. Издавна регионы Казыгурт и Каратау были центрами развития суфийской поэзии, жырауских традиций и искусства айтыса. Дидактические стихи, обрядовые песни, айтысы, кисса-дастаны и терме-толгау представителей школы свидетельствуют о сохранении

---

языковых, духовных и религиозных ценностей народа. В результате исследования систематизированы основы формирования Казыгуртско-Каратауской региональной литературной школы и определено её уникальное место в духовной культуре казахского народа.

**Ключевые слова:** Казыгуртско-Каратауская региональная литературная школа, формирование, традиция назира, эпосы, литературные представители, мнения в советское время.

## References

1. Oralova G. Syr suleileri shygarmalaryndagy kerkemdik dastur [Artistic traditions in the works of Syrdarya akyns] (Abzal-Ay Publishing House, Almaty, 2014) [in Kazakh]
2. Ospanuly A. Karatau atyrarynyn akyndary [Poets of the Karatau region] (Gylm, Almaty, 1996) [in Kazakh]
3. Ospanuly A. Karatau shaiyrlary [Shayirs of Karatau] (Kazakh Universities, Almaty, 1998) [in Kazakh]
4. Dosmukhameduly H. Alaman [Army]. (Ana Tili, Almaty, 1991, 173 p.) [in Kazakh]
5. Auezov M. Adebiet tarihy [History of literature](Ana Tili, Almaty, 1991, 240 p.) [in Kazakh]
6. Ismailov Ye. Akynlar [Poets] (Kazakh state literature publishing house, Almaty, 1956, 340 p.) [in Kazakh]
7. Dautbekov A. Dulaty [Dulats] (Kitap LLC, Shymkent, 2015, 143 p.) [in Kazakh]
8. Ismailov E. Zhazba adebiettin halyk poeziyasymen ozara bajlanysy [The relationship between written literature and folk poetry] In: Ismailov Ye. Adebiet zhajly ojlar [Reflections on literature] (Zhazushy, Almaty, 1968, 73 p.) [in Kazakh]
9. Kabdolov Z. Soz oneri [Art of the word] (Mektep, Almaty, 1982, 367 p.) [in Kazakh]
10. Omaruly B. Zar zaman poeziyasy [Poetry of «Zar zaman» era] (Yelorda, Astana, 2005, 370 p.) [in Kazakh]
11. Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kazach'ih, ili kirgiz-kajcaskih ord i stepej [Description of the Kirghiz-Cossack or Kirghiz-Kaisak hordes and steppes] (Sanat, Almaty, 1996, 167 p.) [in Russian]
12. Nalivkin V.P. Tuzemcy.Ran'she i teper' [Natives. Before and now] (Tashkent, 1913) [in Russian]
13. Yassauy shakirtterinin hikmetteri [Khikmets of Yasawi's students]. In: Multi-volume publication "Kazynaly Ontustik", volume 92/1 (Nurly Alem, Almaty, 2012) [in Kazakh]
14. Kumisbayev O. Kissalar zhane kitabi akynlar [Kysses and literary akyns]. In: XX gasyr bas kezindegi kazak adebieti [Kazakh literature of the early twentieth century] (Gylm, Almaty, 1994, 312 p.) [in Kazakh]
15. Samashev Z., Samashev S.K., Zhuniskhanov A.S., Sirazheva B.A. Exploring 'Sign Behavior' Among the Ancient Population of the Kazakh Altai: (a Study of Zigzag Abstractions in Burial Structures and Petroglyphs). Kazakhstan Archeology, 3 (25), 11–21 (2024). DOI: <https://doi.org/10.52967/akz2024.3.25.11.21>
16. Meirambekova L., Zhiembai B., Theme genre study of the Armenian-Kipchak written heritage. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series, 136(3), 39–49 (2021). DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-136-3-39-49> [in Kazakh].
17. Dautov S. Zaman zhane zar [The Epoch and Song of Sorrow]. Egemen Kazakhstan, September 17 (1994) [in Kazakh]

- 
18. Berdibayev R. Akyndar men shaiyrlar [Poets and shayyrs]. Kazakh Adebieti, August 6, p. 3 (1971) [in Kazakh]
19. Kambar Batyr / (eds.) M.O. Auezov, N.S.Smirnova (Publishing House of the Science Academy, Almaty, 1959, 425 p.) [in Kazakh]
20. Zhumaliev K. Kazak eposy men adebiet tarihnyn maseleleri [Problems of the Kazakh epic and history of literature] [Kazakh state literature publishing house, Almaty, 1958) [in Kazakh]
21. Tunkataruly I. Shygarmalary [Works]. In: Multi-volume publication "Kazynaly Ontustik", volume 93 (Nurly Alem, Almaty, 2014, 252 p.) [in Kazakh]

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Насирдинов Б.П.** – хат-хабар үшін автор, PhD докторант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан. E-mail: NBP\_D@mail.ru, ORCID: 0009-0004-3248-422X.

**Өмірзақов С.Д.** – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан. E-mail: sattar.kazgurt@mail.ru, ORCID: 0009-0002-1627-7779.

**Омаров Н.К.** – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан. E-mail: nurlybek.omarov.73@mail.ru, ORCID: 0000-0002-8885-817X.

**Nasirdinov B.P.** – corresponding author, PhD student, South Kazakhstan University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: NBP\_D@mail.ru, ORCID: 0009-0004-3248-422X.

**Omirezakov S.D.** – Candidate of Philology, Associate Professor, South Kazakhstan University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: sattar.kazgurt@mail.ru, ORCID: 0009-0002-1627-7779.

**Omarov N.K.** – Candidate of Philology, Associate Professor, South Kazakhstan University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: nurlybek.omarov.73@mail.ru, ORCID: 0000-0002-8885-817X.

**Насирдинов Б.П.** – автор для корреспонденции, PhD докторант, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан. E-mail: NBP\_D@mail.ru, ORCID: 0009-0004-3248-422X.

**Омирзаков С.Д.** – кандидат филологических наук, доцент, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан. E-mail: sattar.kazgurt@mail.ru, ORCID: 0009-0002-1627-7779.

**Омаров Н.К.** – кандидат филологических наук, доцент, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан. E-mail: nurlybek.omarov.73@mail.ru, ORCID: 0000-0002-8885-817X.



**Copyright:** © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).